

## РЕСЕЙ-УКРАИНА ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИАДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Багдагуль  
ЖАПАРАЛИНА\*

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы  
Дипломатия институтының докторанты, Астана, Қазақстан  
Республикасы, [zhbagdagul@gmail.com](mailto:zhbagdagul@gmail.com)

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 25/06/2022

DOI: 10.52123/1994-2370-2022-741

ӨОЖ 327-027.21

ҒТАХТК 11.25.07

**Аңдатпа.** Берілген мақалада қазіргі қарулы қақтығыстардағы медианың рөлі және Ресей-Украина дағдарысының қазақстандық медиаға әсер ету мәселесі қарастырылады. Сыртқы саясатты жүзеге асыру кезінде көптеген мемлекеттер өздерінің негізгі құралы ретінде ақпараттық «соғысты» пайдаланады, бұрмалауға жол береді. Бұл адамзаттың санасына, мемлекеттік құрылымның әр түрлі процестеріне әсер етеді. Украина төңірегінде болып жатқан оқиғалар да ақпараттық «соғыстың» жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Сыртқы саясаттан көрініс табуына БАҚ-тың, интернеттің және әлеуметтік желілердің (ақпараттық кеңістіктің) қоғамға әсер ету рөлі арта бастауына байланысты екені зерттеудің өзектілігінен байқалады. Осы орайда, аталған мәселені және қазақстандық ақпараттық кеңістікте Ресей-Украина дағдарысының жария етілуіне талдау жасау маңызды. Аталған мәселе Қазақстан Республикасының отандық ақпараттық кеңістігін дамытудың негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық кеңістік, Ресейлік Украиналық дағдарыс.

**JEL кодтары:** F50, N40, F51, F52.

**Abstract.** This article examines the role of media in modern armed conflicts and the problem of reflecting the Russian-Ukrainian crisis in the Kazakh media. In the implementation of foreign policy, many states use information warfare as their main means, use manipulation. It affects the consciousness of humanity, various tendencies of the state structure. The events taking place around Ukraine also indicate that an information war is being waged. The relevance of the study lies in the fact that the reflection in foreign policy is associated with the increasing role of the influence of the media, the Internet and social networks (information space) on society. In this regard, it is important to analyze this problem and the coverage of the Russian Ukrainian crisis in the Kazakh information space. This issue will determine the main directions of development of the domestic information space of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** mass media, information space, Russian Ukrainian crisis.

**JEL codes:** F50, N40, F51, F52.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль медиа в современных вооруженных конфликтах и проблема отражения российско-украинского кризиса в казахстанских медиа. При осуществлении внешней политики многие государства используют информационную войну в качестве своего основного средства, используют манипулирование. Она воздействует на сознание человечества, на различные тенденции государственного устройства. События, происходящие вокруг Украины, также свидетельствуют о том, что ведется информационная война. Актуальность исследования заключается в том, что отражение во внешней политике связано с возрастанием роли влияния СМИ, интернета и социальных сетей (информационного пространства) на общество. В этой связи важно проанализировать данную проблему и освещение российского украинского кризиса в казахстанском информационном пространстве. Данный вопрос позволит определить основные направления развития отечественного информационного пространства Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** средства массовой информации, информационное пространство, российский украинский кризис.

**JEL коды:** F50, N40, F51, F52.

### Кіріспе

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) мен ақпараттық кеңістік әртүрлі пікірлердің,

көзқарастардың және өмір салтының қалыптасуына елеулі әсер етеді. Уақыт өзгерген сайын бұқаралық ақпарат құралдарының ақпаратты жариялау формалары өзгеріп келеді. Бүгінгі таңда

\*Хат-хабарларға арналған автор: Б.С. Жапаралина. [zhbagdagul@gmail.com](mailto:zhbagdagul@gmail.com)

БАҚ-тың артықшылығы – жылдамдық пен ашық байланыс. Олар ақпараттық кеңістікті пайдалана отырып қажетті ақпаратты әлемнің кез келген мемлекетіне жылдам тарата алады. Яғни уақыт өзгерген сайын ақпарат көбейіп келеді және адамзаттың оны дұрыс бағалауы өте маңызды, себебі жалған ақпарат сананың бұрмалауына алып келуі мүмкін.

Қазіргі уақытта ақпараттық кеңістігі бар мемлекет – мықты мемлекет болып саналады. Осыған байланысты елдер ақпараттық психологиялық соғыс операцияларына қарсы іс-қимыл жасап қана қоймай, оны табысты жүзеге асыратын тиімді мемлекеттік жүйені құруды қажет етуде (Кудряшова, Бергман 2019).

### Методология

Зерттеу барысында мақсат-міндеттерге қол жеткізу үшін әртүрлі тәсілдер қолданылды: бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық кеңістіктің маңыздылығына түсініктеме берілді, Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігі мен бұқаралық ақпарат құралдарына (отандық БАҚ пен шетелдік БАҚ бөлінісінде) саны мен құрамы бойынша зерттеу жүргізілді. Сондай-ақ жұмыс барысында Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің ресми ақпарат көздері, «2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі», «2020 жылы БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге халықтың қанағаттану деңгейі» «2021 жылы БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге халықтың қанағаттану деңгейі» сияқты әлеуметтік зерттеу нәтижелері қолданылды.

Ресей-Украина дағдарысының қазақстандық медиадағы көрінісін анықтау мақсатында отандық және шетелдік БАҚ-қа мониторинг жүргізілді.

### Ақпараттық маңыздылығы кеңістіктің

БАҚ дүниежүзінде болып жатқан жағдайларды баяндаушы, ақпарат таратушы құралдардың бірі болып табылады. БАҚ ақпаратты тарату арқылы қоғамдық пікірді, адамның көзқарасын

қалыптастырады және белгілі бір дәрежеде азаматтардың ойы мен мінез-құлықтарын анықтайды (Маринович, 2019).

БАҚ билік пайда болатын ақпараттық кеңістікті құрады. Осы кеңістікте ресми және бейресми ақпарат көздерінен алынған пікірлер, көзқарастар, ақпарат пайда болады, адамдар оларды басшылыққа ала отырып, шешім қабылдайды.

М.Кастельс бұл кеңістікті «байланыс ортасы» деп айқындайды және ол орта тарихи кезеңге орай хабарламалардың пайда болу қарқындылығына, нысанына, ақпарат көздеріне және ақпаратты тарату тәсіліне қарай өзгеретінін айтады. Мәселен, шіркеудегі уағыз айтушы, қолжазба, баспа басылымдары, радио, теледидар, интернет кезең-кезеңімен пайда болған ақпарат көздеріне жатады. Уақыт өте келе әр ақпарат көзі бұрынғыға қарағанда жетіліп, дами түседі. Қазіргі заманғы медиа дәстүрлі медиаға (баспа және телеарналар) қарағанда белсенді ақпараттық ортаны құрып, адамдарға көбірек ықпал етуде (Castells, 2011).

Қазіргі таңда ақпараттық кеңістік ақпарат тарату арқылы саяси және планетарлық масштабтағы географиялық шекараларды үлкен жылдамдықпен жақындатуға мүмкіндік береді. Осылайша, ақпараттық кеңістік адамдардың және субъектілердің әртүрлі әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік ортасын біріктіруші, әр түрлі қызмет субъектілерінің арасында ақпарат алмасуды жүзеге асыратын коммуникативті, бәсекелес және геосаяси қатынастардың жаңа ортасын құруға ықпал ететін әр түрлі қызмет субъектілерінің мүдделерін өзектендіру функцияларын жүзеге асырушы деп айтуға болады (Хантингтон, 2003).

Медианың белсенділігін, аудиторияның ауқымдылығын және қоғамдық пікірге әсер ету мүмкіндіктерін ескере отырып, билік өкілдері қоғам санасында оң имиджді қалыптастыру мақсатында БАҚ-қа ықпал етуге тырысады (Маринович, 2016). Т.Коноплеваның пайымдауынша «БАҚ мемлекеттік құрылымдардың имиджіне, азаматтардың билік органдарына сену деңгейіне және олармен жүргізілетін саясатқа, қабылдайтын шешімдерге, әрекеттерге, әдістерге және басқару

принциптеріне әсер ететін белгілі медиа бейнелерді құрайды. Яғни, мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығы мен нәтижелілігі көп жағдайда халықтың мемлекеттік органдарға сену деңгейіне байланысты дейді. Ал, ол өз кезегінде БАҚ-қа байланысты (Маринович, 2016).

Л.Ф. Адилова «өзіне мемлекеттер жасаған бір мемлекеттің бейнелері халықаралық қоғам мен сол мемлекеттердің халқының қабылдауына елеулі әсер етеді. Сол себептен олар мемлекеттің жағымды имиджін жүйелі түрде құру үшін конструктор бола алады немесе болуы керек. Елдің жағымды бейнесі өнеркәсіптік қуат пен әскери күштен кем емес.» (Мельник, Барлыбаева, Альжанова, 2020).

Әсіресе қарулы қақтығыстарды жариялау барысында БАҚ-қа ықпалы күшейе түседі. Атап айтқанда, журналистердің сөз бостандығы шектеліп, ақпараттың ашықтығы едәуір төмендеп, ал қақтығыстардың сипатын жариялаудың негізгі факторы мемлекет айқындайтын саясат пен мүдделерге сәйкес болған кезде ықпал етуге тырысады. Бұл ретте ол азаматтардың адалдығын, ағымдағы мәселелерді түсіне отырып, билік өкілдерінің іс-әрекеттерін қолдауын немесе кем дегенде қарсылық көрсетпеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, БАҚ әлемде болып жатқан ақпаратты, оқиғаларды азаматтарға қысқаша әрі жеңіл түрде жеткізіп, саяси процестерге белгілі бір көзқарасты қалыптастыратындықтан, БАҚ-та жарияланатын саяси бейнелерді азаматтар оңай қабылдай алады. Әскери қақтығыстарды жариялау барысында БАҚ белгілі бір оқиғаларға деген көзқарасты орнатады, бас кейіпкерге жанашырлық танытуға және қолдауға шақырады. Көп жағдайда, бас кейіпкерді БАҚ-тың өзі айқындайды (Oates, 2008).

#### Қазақстанның ақпараттық кеңістігі

Қазақстан Республикасының медиакеңістігі Тәуелсіздік алғаннан бері қалыптасу мен дамудың барлық

кезеңдерінен өтті.

Бастапқы кезде Қазақстанның алдында тәуелсіздікті нығайту, саяси тұрақтылықты сақтау сияқты күрделі міндеттер тұрды. Қазақстандық медиа да қоғамның қажеттіліктеріне және уақыт талаптарын сәйкес келетін функцияларды орындады. Қазіргі уақытта да орасан өзгерістер болып жатыр, ақпараттық технологиялар қарқынды түрде дамуда, әлемдік процестердегі медианың да рөлі өзгеруде. Осыған орай, қазақстандық медиа да заманның талаптарына сай өзгеруі тиіс.

Саясаттанушы Сұлтанбек Сұлтанғалиевтің пікірінше: «қазақстандық БАҚ көптеген факторларға байланысты ақпаратты әр түрлі таратады. Бұл жақсы, себебі пікірлердің әртүрлілігі белгілі бір оқиғаларды объективті бағалауға ықпал етеді..... Танымал БАҚ объективтілік принципін ұстануға тырысады. БАҚ - сананы манипуляциялау құралы болып табылады және одан құтыла алмайсың. Субъективтілік кез-келген сайтта немесе газетте кездеседі, себебі оны роботтар емес, адамдар жасайды. Әсіресе, қазір ақпараттық соғыстар халықаралық дағдарыстан туындаған өз шыңына жетті» (Мельник, Барлыбаева, Альжанова, 2020).

Бүгінгі таңда елде бәсекелі нарықтық экономика жағдайында өмір сүру мақсатында БАҚ-тың күш-жігерін біріктіретін масс-медиа, ақпараттық медиа-холдингтердің тұтас бір қатары бар (Назарбетова, 2017).

Қазақстан Республикасында бес мың бір жүз елу бір бұқаралық ақпарат құралы (БАҚ) есепке қойылған (2022 жылғы 7 сәуірдегі жағдай бойынша), оның төрт мың сегіз жүз жетпіс үш бірлігі отандық БАҚ және екі жүз жетпіс сегіз бірлігі шетелдік БАҚ (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты).

Отандық БАҚ-тың үш мың алты жүз алпыс бесі – мерзімді баспа басылымы, жүз тоқсан бірі – телеарналар, сексен төрт радио және тоғыз жүз отыз үші – интернет.

#### 1-кесте. Отандық БАҚ (өңірлер бөлінісінде)

Өңір / қала	БАҚ түрі			Барлығы
	МББ	Электрондық БАҚ	Интернет	

			<b>БАҚ</b>	
Нұр-Сұлтан қ.	520	36	194	<b>750</b>
Алматы қ.	1181	71	195	<b>1447</b>
Түркістан обл., Шымкент қ.	449	22	209	<b>680</b>
Қарағанды обл.	286	30	40	<b>356</b>
Алматы обл.	165	10	43	<b>218</b>
ШҚО	141	13	33	<b>187</b>
Қызылорда обл.	153	8	29	<b>190</b>
Қостанай обл.	118	25	12	<b>155</b>
Павлодар обл.	111	10	12	<b>133</b>
Жамбыл обл.	94	6	63	<b>163</b>
Ақмола обл.	99	10	20	<b>129</b>
БҚО	100	10	14	<b>124</b>
Ақтөбе обл.	81	8	16	<b>105</b>
Атырау обл.	62	5	19	<b>86</b>
СҚО	60	5	16	<b>81</b>
Маңғыстау обл.	45	6	18	<b>69</b>
<b>Барлығы</b>	<b>3665</b>	<b>275</b>	<b>933</b>	<b>4873</b>

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты

Республикалық деңгейдегі мынадай телеарналар мен радиостанциялар бар: «Қазақстан» РТРК» АҚ, «Хабар агенттігі» АҚ, «КТК» АҚ, «НТК» ЖШС, «СТВ» ЖШС, «31 арна» РТРК» ЖШС, «Европа плюс Қазақстан» ЖШС, Русское радио Азия» ЖШС, «NS радио» ЖШС және т.б.

Қазақстанның медиа кеңістігінде inform.kz, bnews.kz, baq.kz сияқты мемлекеттік ақпараттық агенттіктер және strategy2050.kz ақпараттық порталы жұмыс істейді.


Отандық БАҚ-тың таралу тілі:

- қазақ және орыс тілдерінде қатар таралатын БАҚ саны бір мың сегіз жүз отыз төрт бірлік;
- тек қазақ тілінде – алты жүз тоқсан бірлік;
- тек орыс тілінде – сегіз жүз елу үш бірлік;

- аралас, үштен жоғары тілде – бір мың төрт жүз тоқсан алты бірлік.

«2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес телевизиялық контентті және интернет-ресурстарды пайдалану, оның ішінде әңгімелесушімен интерактивтік өзара іс-қимыл жасау (мессенджерлер, әлеуметтік желілер) кезінде мүмкіндігі бар тілдерді пайдалануда қазақ тіліне басымдық беріледі.

2019 жылмен салыстырғанда тілдік артықшылық тұрғысынан: мессенджерлерде тек қазақ тілінде тілдесетіндердің саны артты (+3%, 8-ден 11,3%-ға дейін), Теледидарлар екі тілді аймақ болып табылады (44%-ы теледидарды екі тілде көреді).



Ақпарат көзі: «2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» деген әлеуметтік зерттеу нәтижелері.


### 1-Сурет. Шетелдік БАҚ

Шетелдік телеарналардың ішінде ресейлік телераканалар үлкен сұранысқа ие. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қазақстандық телеаудиторияның жартысына жуығы күн сайын ресейлік телеарналарды көретіндігін көрсетті. Шетелдік телеарналардың ішінде ғылыми-танымдық, спорттық және фильмдік телеарналар ең танымал.

Шетелдік БАҚ-тың таралу тілі:

- орыс тілінде таратылатын телеарна саны – бір жүз алпыс сегіз;
- ағылшын тілінде – он үш;
- аралас, орыс және ағылшын тілдерінде – жетпіс екі;
- түрік тілінде – төрт;

- француз тілінде – 3;
- аралас, украин және орыс тілдерінде – 3;
- аралас, орыс және татар тілдерінде – 2;
- аралас, неміс және орыс тілдерінде – 1;
- аралас, француз және орыс тілдерінде – 3;
- аралас, орыс және беларус тілдерінде – 1;
- аралас, үш және одан да көп тілде – сегіз (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми сайты).



Ақпарат көзі: «2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» деген әлеуметтік зерттеу нәтижелері.

## 2-сурет. Аудиторияның ақпарат арналарын таңдаудағы негізгі тенденция

«2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» деген әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша 2020 жылы отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейінің көрсеткіші (18 жастан асқан адамдарда) 70%-ды (2019 жылы – 69,5%, 2017 жылы – 68,3%) құрады. Зерттеу барысында еліміздегі оқиғалар туралы жаңалықтарды таратудың үш негізгі ақпараттық арнасы – мессенджерлер, жақындарымен қарым-қатынас және әлеуметтік желілер болып белгіленді (2-сурет). 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы жергілікті БАҚ – газеттерді, телеарналар мен радионы қоспағанда барлық ақпарат арналарын тұтыну пайызы едәуір өсті.

2017 жылдан бастап жүргізілген деректерді салыстырмалы талдау нәтижелеріне сәйкес интернет-сайттарды қоспағанда барлық талданған ақпарат көздерін тұтыну динамикасы әртүрлі деңгейде (аздап өсу, аздап құлдырау) өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелеріне сәйкес 19-24 жас аралығындағы жастар арасында интернетте тәуелділік байқалады (98%-ы интернетті пайдаланады). Зерттеуге қатысушылардың жасы неғұрлым үлкен болса, соғұрлым ол Интернетті аз пайдаланады.

«2021 жылы БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге халықтың қанағаттану деңгейі» тақырыбындағы әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша 3 үздік және танымал БАҚ-қа төмендегілер жатады:

Әлеуметтік желілерден: «Instagram», «Youtube», «Facebook»;

Телеарналардан: «КТК», «Хабар», «Первый канал Евразия»;


Интернет сайттардан: «Nur.kz», «Google», «Zakon.kz»;

Баспа БАҚ: «Керуен», «Уақыт», «Казахстанская правда»;

Радиостанциялардан: «Автордио», «Русское радио Азия», «Қазақ радиосы»;

Мессенджерлер: «Whatsapp».

Сонымен қатар, аталған зерттеу нәтижелері бойынша салыстырмалы түрде республикалық және жергілікті телеарналарда, ақпараттық-талдау сайттарында және орталық радиостанцияларда тұтыну деңгейі төмен болғанымен, оларға сенім деңгейі (3-сурет) жоғары болып табылады (80%-дан жоғары). Ал, мессенджерлер ең көп тұтынатын ақпарат көзі болғанымен, оған сенім деңгейі салыстырмалы түрде төмен (61%).





*Ақпарат көзі: «2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» деген әлеуметтік зерттеу нәтижелері.*

### **3-сурет. Ақпарат көздеріне сенім деңгейі**

Зерттеу нәтижелері халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарының ақпаратты қабылдауының жалпы тенденциясын көрсетеді. Ақпараттық ағындарды түсіну үшін БАҚ арқылы өтетін ақпаратқа қызығушылық танытып, ақпарат көздерін пайдалану қажет. Популизм, жалған ақпарат тарату және ақпаратпен, оның ішінде деструктивті сипаттағы ақпаратпен манипуляция дәуірінде сыни ойлау дағдыларын қамтитын жаңа медиамәдениетті қалыптастыру өзекті болып отыр.

Аталған зерттеу нәтижелері бойынша сауалнамадан өткендердің 86 %-ы (2019 жылы 87%, 2017 жылы 85%) алынған ақпаратты қайта тексеруге немесе ақпаратты сараптаудың қосымша көздерін іздеуге әдеттенген. Ақпаратты қайта тексеретін респонденттер ең алдымен әлеуметтік желілерге жүгінеді. Ең осал топ 24 жасқа дейінгі жастар, ал 35-44 жас аралығындағы топ сыни тұрғыдан қабылдаушылар.

#### **Украина мен Ресей арасындағы әскери қақтығыстың Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі көрінісі**

Украина мен Ресей арасындағы әскери қақтығыс басталғаннан бастап (2022 жылғы 24 ақпаннан бастап) Украинадағы оқиғалар Ресей мен Украинаның ақпараттық кеңістігін ғана емес, бүкіл әлемнің ақпараттық кеңістігін жаулап алды (Кудряшова, Бергман, 2019). Ресейлік БАҚ-та бұл жағдай «арнайы әсері операция» (Украина, Донецк Халық Республикасы және Луганск Халық Республикасы аумақтарындағы арнайы әскери операция) деп көрсетіледі және Ресейдің билік өкілдері осы терминді қолдануды талап етеді (Радио «Свобода», 2022). Украина аталған қақтығысты ресми құжаттарда «Ресей Федерациясының Украина мемлекетінің

егемендігіне қарсы қарулы агрессиясы» деп атайды (Закон України, 2022).


Аталған әскери қақтығыс басталғаннан бері Украина мен Ресей БАҚ-тары ақпараттық соғыс жүргізуде. Ресей тарапы Украина аумағына басып кіруді ақтауға және күшін көрсетуге талпынса, Украина тарапы өз еліндегі тұрақтылық пен ресейлік агрессия туралы оқиғаларды таратуды жөн көреді.

Осы орайда шетелдің баспасөз құралдары Қазақстанды бұрынғы посткеңестік республикаларының ішінен «Донецк Халық Республикасы» (ДХР) мен «Луганск Халық Республикасы» (ЛХР) тану жөніндегі шешіміне өзінің көзқарасын ашық білдірген алғашқы ел болғанын атап көрсетеді. Шетелдік журналистер (әзербайжан, түрік, көбінесе ресейлік) еліміз халықаралық құқықтың негіздері мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының негізгі принциптеріне сүйенетіні жөніндегі мәлімдемесін алдыңғы қатарға шығарады (Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеубердінің мәлімдемесі).

Украинадағы әскери қақтығыс қазақстандық ақпараттық кеңістіктің де көп бөлігін алды. Атап айтқанда, жауынгерлік іс қимылдар хроникасы, гуманитарлық көмек жіберу, қақтығысқа қарсы митингілер, Украинадағы қазақстандықтарды елге қайтару, қақтығыстың Қазақстанға әсері тақырыбында материалдар қозғалды.

2021 жылғы 1 наурыздан бастап 31 мамыр аралығында «Украинадағы жағдай» тақырыбында республикалық телеарналарда барлығы екі мың екі жүз жетпіс бес, өңірлік телеарналарда – алты жүз он үш, республикалық баспа БАҚ-та бес жүз тоқсан алты, өңірлік баспа БАҚ-та төрт жүз жиырма үш мақала жарияланды.

Республикалық телеарналардың 55,9%-ы (1273 мақала) қазақ тілінде және 44%-ы (1002 мақала) орыс тілінде жариялады.




Ақпарат көзі: БАҚ-қа «Украинадағы жағдай» тақырыбында мониторинг жүргізу нәтижелері.

#### 4-сурет. "Украинадағы жағдай" тақырыбындағы мақалалардың Қазақстандық БАҚ-та жариялану тілі

Кейбір қазақстандық БАҚ әскери қақтығыс туралы жаңалықтарды тікелей эфир режимінде (live) толықтай шежіремен жүргізуде. Атап айтқанда, қысқа хабарламалар, ресми өкілдердің мәлімдемелері мен пікірлері, әлеуметтік желілердегі бейнелер мен өзге ақпараттар жинақталуда.

«2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» деген әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес қазақстандықтардың 78%-ы (сенім деңгейі орташа) ресейлік БАҚ-қа және 57%-ы (орташа деңгейден төмен) шетелдік БАҚ-қа (еуропалық, америкалық және т.б.) сенеді.

#### 5-сурет



Ақпарат көзі: «2021 жылы БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге халықтың қанағаттану деңгейі» деген әлеуметтік зерттеу нәтижелері.

«2021 жылы БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге халықтың қанағаттану деңгейі» тақырыбындағы әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша қазақстандықтардың көпшілік бөлігі жаңалықтарды кездейсоқ тыңдаушылар болып танылды (5-сурет).

2017-2020 жылдар аралығында елдегі оқиғалар туралы ақпаратқа

қызығушылық (елдегі оқиғаларды үнемі бақылайтындар) 52%-дан 25%-ға төмендеді, ал 2021 жылы бұл көрсеткіш 33%-ға артты.

Бұдан басқа, 3-суретке сәйкес қазақстандықтардың ресейлік БАҚ-қа сенім деңгейі 78%-ды және өзге шетелдік БАҚ-қа - 57%-ды құрағанын ескеру қажет, яғни отандық ақпараттық кеңістіктен



бөлек, қазақстандықтар өзге елдердің ақпарат көздеріне сенімділік деңгейі артуда. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес ресейлік БАҚ-тың танымалдығы халықаралық жаңалықтарды қызықты және толық жариялауымен, өзекті тақырыптарды көтеруімен, теледидарда сапалы ақпарат ұсынуымен, фильмдерді кәсіби түрде түсірумен сипатталады.

**«Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыстың Қазақстанның ақпарат кеңістігіне әсері**

Ресей Федерациясының Украинадағы арнайы әскери қақтығысы және осыған байланысты Қазақстанның одан әрі геосаяси тағдыры еліміздің ақпарат кеңістігіндегі өзекті тақырыптардың біріне айналған.

Қазақстан басқа көршілес мемлекеттерге қарағанда ең таяу орналасқан және оқиғалардың болып жатқан жеріне мүмкіндігінше жақын. Бұл ретте еліміздің ақпарат кеңістігінде шетелдік БАҚ-тың Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты, қазақстандықтардың батыс елдерімен, ресейліктермен, украиндықтармен қарым-қатынасы туралы жалған ақпараттар немесе насихаттар тарату жағдайлары орын алуда.

Атап айтқанда, RT бас редакторы Маргарита Симоньянның Қазақстанға қарсы теріс қадамы қазақстандық журналистік ортада ауқымды резонанс тудыра қоймады. «М.Симоньянның ұстанымы «эмоциялар журналистикасы» деп аталады, онда адам оған қойылатын сұрақтар туралы хабардар болмайды, бірақ мемлекетаралық қатынастарда жұмыс істейтін эмоционалды реакция тудыруға тырысады» дейді саясаттанушы Марат Шибатов.

Бұл мәселе бойынша жекелеген ресейлік сарапшылардың пікірлері объективті. Мәселен, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің Халықаралық қатынастар және шетел аймақтану факультетінің доценті Вадим Трухачев өз кезегінде Қазақстанға күрт шабуыл жасауға жол берілмейтінін атап өтті: «Біз Қазақстанның ұстанымын құрметтеуіміз керек». Ресей мемлекеттік думасының депутаты Александр Ильтяков отандасын қайталай отырып,

бүгінгі жағдайда «өте ұқыпты болу керек және кез келген жағдайда біздің бауырлас Қазақстан халқын қорлауға болмайды» деп атап өтті.

Еліміздегі адамдардың пікірлері олардың қандай мазмұндағы контентті тұтынуына байланысты.

Атап айтқанда, еліміздің Ресей Федерациясымен шекаралас аймақтары басқаларына қарағанда Ресейге экономикалық тұрғыдан көбірек байланысты: сауда қатынастары, географиялық жақындығы, азаматтарымыздың Ресейдің жоғары оқу орындарында оқуы және т.б. Бұдан басқа, халқымыздың белгілі бір бөлігі орыс тілінде сөйлейді және оқиды. Ақпаратты ресейлік телеарналардан көреді. Осылайша, қазақстандықтардың бір бөлігі Ресейдің сыртқы саясатын қолдайды.

Ағылшын тілін меңгерген, батыс елдерінің БАҚ-тарын оқитын қазақстандықтардың екінші бөлігі Украинаны қолдайтынын байқауға болады.

Сондықтан қазақстандықтардың баламалы ақпарат көзіне қолжетімділігін арттырып, азаматтардың медиа сауаттылық деңгейін шұғыл арттыру қажет.

Отандық сарапшылардың аталған мәселеге қатысты жалпы тұжырымдарын талдай отырып, келесі тезистерге тоқталуға болады:

- Батыс елдерінің Ресейге қарсы санкциялары Қазақстан экономикасына ықтимал теріс салдары;

- Қазақстан Украинадағы жағдайды дипломатиялық түрде реттеуге үміттенеді.

Қазақстан мен шетелдік сарапшылардың үйлесетін жалпы ойларына тоқталатын болсақ:

- Біріншіден, Қазақстан сыртқы саяси қатынастарды тек халықаралық құқық пен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының негізгі қағидаттары негізінде құрады, сондықтан Қазақстан ЛХР және ДХР-ды, сондай-ақ Абхазия, Оңтүстік Осетия және Косовоның тәуелсіздігін мойындамады.

- Екіншіден, қалыптасқан жағдайда Қазақстан үшін кез келген экономикалық салдарлар көбінесе ел басшылығы қабылдаған саяси қадамдарға байланысты болады деп

айтуға болады.

- Қазақстан өзінің көпвекторлы саясатқа бейімділігін тағы да растай алады және Ресей Федерациясы мен Батыс елдері оны саяси және экономикалық коммуникациялық арна ретінде қарауы мүмкін.

- Ақпараттық кеңістікте өзге арналар ашық қолжетімді екенін ескерсек, бұл қазақстандықтардың әртүрлі пікір қалыптастыруына үлкен әсерін тигізуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Үкіметтің алдында үлкен жауапкершілік тұр, ең басты міндеттердің бірі – Қазақстанда тыныштық пен тұрақтылықты сақтау.

Осы ретте, мемлекетіміздің даму стратегиясын қайта қарап, азаматтық қоғам мен барлық мүдделі тараптармен дұрыс диалог құру өзекті болып отыр. Этикалық нормалар мен парасаттылыққа сәйкес әрекет етуіміз қажет.

### Қорытынды

Қазіргі саяси процестер ақпараттық кеңістікте қарқынды дамып келеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары әлемдегі барша қоғамның пікірлері мен қалауын айқындайтын маңызды факторлардың бірі болып табылады және бұл халықтың саяси қалауына әсер етеді, сенімін анықтайды. Атап айтқанда, митингілер мен көтерілістерге жұмылдырады, кейде мемлекет басшыларының сыртқы саяси мәселелердегі іс-қимылдарына әсер етеді, мемлекеттердің әлемдегі орнын анықтайды.

Сол себептен, БАҚ-тағы ақпараттық ағындарды түсіну үшін ақпаратқа қызығушылық танытып, жан-жақты зерделеу қажет. Пайдаланатын ақпарат көздерінің шектеулі болуы, айналадағы болып жатқан оқиғаларды дәйекті бағалау қабілетсіздігі стереотиптердің, жалған түсініктерді қалыптастыруға, адамдарды қолдануға болатын ыңғайлы құралға айналдыруға алып келуі мүмкін.

Әлемдегі жағдайларды ескере отырып, медиа сауаттылықты арттырудың маңызы зор, себебі БАҚ тарататын ақпарат қоғамдық сананы басқара алады және шынайы шындықтың көрінісін жасайды (Русакова, 2010).

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Кудряшова Е.В., Бергман Ю.Э. (2019) Информационное противоборство России и Украины (на примере современного политического конфликта). Каспийский регион: политика, экономика, культура, №1(58), 99-103-б. <file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/informatsionnoe-protivoborstvo-rossii-i-ukrainy-na-primere-sovremennogo-politicheskogo-konflikta.pdf>
- Маринович А.Н. (2016) Роль медиа в современных вооруженных конфликтах. Журналист Социальные коммуникации, №1-2(21-22), 36-40-б. [http://media.ov-russia.ru/vidfiles/JSC/NomeraPDF/JSC-2016-1\\_2.pdf#page=63](http://media.ov-russia.ru/vidfiles/JSC/NomeraPDF/JSC-2016-1_2.pdf#page=63)
- Paul V., Singh P., John S. (2013) Role of mass media in social awareness, Humanities and social sciences, №11(01), p.34-38. URL: <https://mgcsjournals.com/hssr/article/view/hssr115>
- Castells M. (2011) Democracy in the age of Internet. Journal of contemporary culture. №6. p.96
- Коноплева Т.В. (2014) Медиаобразы органов власти (на примере Минюста России). Государственное управление. Электронный вестник, №43, 153-б.
- «Свобода» радиосы 4 наурыз, 2022 «В России начали блокировать сайты «Голоса Америки», «Медузы», BBC и Deutsche Welle <https://www.golosameriki.com/a/v-rossii-nachali-blokirovatj-sayty-meduzy-bbc-i-deutsche-welle/6470066.html>
- Мельник Г.С., Барлыбаева С.Х., Альжанова А.Б. (2020) Медиаобраз России в Казахстанских СМИ. Вестник ВГУ. Филология. Журналистика. № 3, 110-116-б.
- Назарбетова А.К. (2017) Политический контекст масс-медийного пространства: опыт политической компаративистики. Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, 71-76-бб.
- Хантингтон С.Х. (2003) Третья волна. Демократизация в конце XX века. Перевод. «Российская политическая энциклопедия», 2003. [https://archipelag.ru/download/book/text\\_pdf/hantington\\_wave.pdf](https://archipelag.ru/download/book/text_pdf/hantington_wave.pdf)
- Oates S. (2008) Introduction to media and politics, p.202 <https://www.perlego.com/book/861408/introduction-to-media-and-politics-pdf>
- Русакова О.Ф. (2010) Современная политическая философия: оқу құралы Урал басылымы. Ун-та. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ресми интернет ресурсы <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/145?lang=kk>

- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» №451 Қазақстан Республикасының Заңы. (1999) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>
- ОФ «ЦСПИ «Стратегия». (2021). «2021 жылы БАҚ-та мемлекеттік саясатты жария етуге халықтың қанағаттану деңгейі» әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша есеп.
- ОФ «ЦСПИ «Стратегия». (2021). «2020 жылы тұтынушылардың отандық ақпараттық өнімге сұраныс деңгейі» әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша есеп.
- ЗАКОН УКРАЇНИ Про забезпечення участі цивільних осіб у захисті України <https://ips.ligazakon.net/document/T222114>

## REFERENCES

- Kudryashova E.V., Bergman YU.E. (2019) Informacionnoe protivoborstvo Rossii i Ukrainy (na primere sovremennogo politicheskogo konflikta). Kaspijskij region: politika, ekonomika, kul'tura, №1(58), 99-103. <file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/informatsionnoe-protivoborstvo-rossii-i-ukrainy-na-primere-sovremennogo-politicheskogo-konflikta.pdf>
- Marinovich A.N. (2016) Rol' media v sovremennyh vooruzhennyh konfliktah. ZHurnalist Social'nye kommunikacii, №1-2(21-22), 36-40. [http://media.ov-russia.ru/vidfiles/JSC/NomeraPDF/JSC-2016-1\\_2.pdf#page=63](http://media.ov-russia.ru/vidfiles/JSC/NomeraPDF/JSC-2016-1_2.pdf#page=63)
- Paul V., Singh P., John S. (2013) Role of mass media in social awareness, Humanities and social sciences, №11(01), p.34-38. URL: <https://mgesjournals.com/hssr/article/view/hssr115>
- Castells M. (2011) Democracy in the age of Internet. Journal of contemporary culture. №6. p.96
- Konopleva T.V. (2014) Mediaobrazy organov vlasti (na primere Minyusta Rossii). Gosudarstvennoe upravlenie. Elektronnyj vestnik, №43, 153.
- «Svoboda» radiosy 4 nauryz, 2022 «V Rossii nachali blokirovat' sajty «Golosa Ameriki», «Meduzy», BBC i Deutsche Welle <https://www.golosameriki.com/a/v-rossii-nachali-blokirovatj-sajty-meduzy-bbc-i-deutsche-welle/6470066.html>
- Mel'nik G.S., Barlybaeva S.H., Al'zhanova A.B. (2020) Mediaobraz Rossii v Kazahstanskih SMI. Vestnik VGU. Filologiya. ZHurnalistika. № 3, 110-116.
- Nazarbetova A.K. (2017) Politicheskij kontekst mass-medijnogo prostranstva: opyt politicheskoy komparativistiki. Kazahskij nacional'nyj universitet imeni Al'-Farabi, 71-76.
- Hantington S.H. (2003) Tret'ya volna. Demokratizaciya v konce HKH veka. Perevod. «Rossijskaya politicheskaya enciklopediya», 2003. [https://archipelag.ru/download/book/text\\_pdf/hantington\\_wave.pdf](https://archipelag.ru/download/book/text_pdf/hantington_wave.pdf)
- Oates S. (2008) Introduction to media and politics, p.202 <https://www.perlego.com/book/861408/introduction-to-media-and-politics-pdf>
- Rusakova O.F. (2010) Sovremennaya politicheskaya filosofiya: oku kuraly Ural basylymy. Un-ta. Kazakstan Respublikasy Akparat zhane kogamdyk damu ministriginin resmi internet resursy <https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/activities/145?lang=kk>
- «Bukaralyk akparat kuraldary turaly» №451 Kazakstan Respublikasynyn Zany. (1999) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451>
- OF «CSPI «Strategiya». (2021). «2021 zhyly BAK-ta memlekettik sayasatty zhariya etuge khalyktyyn kanagattanu dengeji» aleumettik zertteu natizheleri bojnynsha esep.
- OF «CSPI «Strategiya». (2021). «2020 zhyly tutynushylardyn otandyk akparattyk onimge suranys dengeji» aleumettik zertteu natizheleri bojnynsha esep.
- ZAKON UKRAЇNI Pro zabezpechennya uchasti civil'nih osib u zahisti Ukraїni <https://ips.ligazakon.net/document/T222114>

## THE RUSSIAN-UKRAINIAN CRISIS AND ITS REFLECTION IN THE KAZAKH MEDIA

**Bagdagul ZHAPARALINA**, doctoral student at the Institute of Diplomacy of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, [zhbagdagul@gmail.com](mailto:zhbagdagul@gmail.com);

## РОССИЙСКО-УКРАИНСКИЙ КРИЗИС И ЕГО ОТРАЖЕНИЕ В КАЗАХСТАНСКИХ МЕДИА

**Багдагуль ЖАПАРАЛИНА**, докторант Института дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, [zhbagdagul@gmail.com](mailto:zhbagdagul@gmail.com).